



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қазақстан Республикасы  
Президентінің Кеңесшісі Мәлік  
Отарбаев Сыр өңіріне жұмыс  
сапарымен келді. Өңірге сапары  
аясында Мәлік Нұржанұлы бірқатар  
нысанның жұмысымен танысып,  
облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен  
кездесті. Аймақ басшысымен кездесуде  
облыстың әлеуметтік-экономикалық  
дамуы, оның ішінде ақпараттық  
саясатты жүзеге асыру мен өзге де  
әлеуметтік мәселелер талқыланды.

## АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласында салынып жатқан нысандарды аралап, құрылыс жұмысымен танысты.

Алдымен аймақ басшысы Әлі Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі жанындағы қосымша ғимарат құрылысын аралап көрді. Мұнда қазіргі таңда 2275 оқушы білім алуда. Білім ордасының аумағын кеңейту мәселесі күн тәртібіне енгізіліп, қараша айында қосымша 375 орындық ғимараттың құрылысы басталған еді. Келесі оқу жылында мектептің жаңа корпусы оқушыларды қабылдауға дайын болуы тиіс.



Аймақ басшысы мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуын қадағалауды тапсырды. Айта кетейік, биыл мемлекеттік мектептердің 1-4 сынып оқушылары 100% тегін ыстық тамақпен қамтылған болатын. Бұл мүмкіндікті облыстағы мемлекеттік білім беру ордаларындағы 70 863 бастауыш сынып оқушысы пайдаланып отыр. Сондай-ақ әлеуметтік көмекті ететін отбасында тәрбиеленетін 5-11 сыныптағы 17 382 оқушы да тегін тамақтанады. Сонымен қатар қыркүйек айында 1000 орындық Өнер орталығының іргетасы қаланған еді. Көпфункционалды кешеннің жалпы құны – 3,7 млрд теңге. Облыс орталығында өнерсүйер қауымның рухани кештерде бас қосуына, түрлі мәдени-көпшілік шараларды өткізуге арналған нысан жыл аяғына дейін пайдалануға берілмек.

Мұнан әрі аймақ басшысы Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын Неке сарайының құрылысымен танысты. Жалпы аумағы 2 мыңнан астам шаршы метрді құрайтын

зәулім ғимараттың құрылысы 2022 жылы қыркүйек айында басталды және биыл тамыз айында аяқталмақ.

Ал Сырдарияның сол жағалауындағы Қан орталығының құны 2,7 млрд теңгені құрайды. Орталықта қан мен оның компоненттерін донациялау көрсеткіші жылына 500-ден 10 мыңға дейін жеткізіледі деп жоспарлануда. Орталық 2024 жылы ақпан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Сондай-ақ өңір басшысы сол жағалауда салынып жатқан 470 пәтерлі 10 көпқабатты тұрғын үйге барды. Өткен жылдың аяғында құрылысы басталған бұл үйлер биыл қыркүйек айында ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Айта кетейік, қазіргі таңда облыс орталығында көптеген жаңа нысан салынууда. Аталған нысандар халық игілігі үшін қызмет ететіні сөзсіз.

## ОҚЫМАСАҚ, ТОБЫРҒА АЙНАЛАМЫЗ



Мемлекет басшысының кеңесшісі «Сыр медиа» ЖШС жұмысымен танысып, онда БАҚ өкілдерімен кездесті. Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Мәлік Нұржанұлы қаламгерлермен мен елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалардың бағыт-бағдары туралы еркін пікір алмасты. Мәселен, былтырғы референдум, конституциялық реформалар, Президент сайлауы, алдағы Парламент сайлауы секілді еліміздегі саяси өзгерістерге тоқталып өтті.

– Былтырғы қаңтардағы қасіретті жағдай баршамызға ауыр тиді. Қордаланған

көптеген мәселенің беті ашылды. Халық – біз, мемлекет – біздікі болғандықтан, жалғыз Отанымыз Қазақстан болғандықтан, жауапкершілікті мойнымызға аламыз. Сол қордаланған мәселелерді шешуге жұмыс істейміз, ел болып атсалысамыз. Егер де ел ішінде мәселе туындаса, жан-жақты саралай келе, оған шын жауапты екенімізді сезінеміз.

Өңірлердегі, шалғай ауылдардағы жағдай, ел өмірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси тұстарының барлығын таразылай отырып, реформалар қабылдануда. Ақпаратты таратуда журналистерге артылар жүк ауыр. Сіздер осындай ауыр жүкті жауапкершілікпен атқарып келесіздер. Біз сіздердің еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз. Президент газет оқиды, ақпарат саласына көзқарасы оң, құрметі зор. Журналистердің өзекті мәселелері өткен айда тұжырымдамасы талқылауға ұсынылған «Масс-медиа туралы» заң жобасымен реттелетініне сеніміміз зор, – деді Мәлік Отарбаев.

2 БЕТТЕ

## ЖАСЫЛ ӘЛЕМДЕ ЖАҚСЫЛЫҚ КӨП

Кейде жас буынның ісін үлкендерге үлгі еткіз келеді. Табиғатқа жанашырлық, айналаны таза ұстау, су мен жарықты үнемдеу мәселесі кейде сөз жүзінде қалып жатады. Қоршаған ортаға немқұрайлық танытатынымыз жасырын емес.

Ал жас буын сөзден іске көшіпті. Жас болса да бітірген ісі таудай жеткіншектердің нәтижелі жұмысы өзгелерге үлгі боларлық. Олардың қоқысты да кәдеге жарытып, жарықты үнемдеп, суды тиімді пайдаланғаны, мектеп айналасын жасылға айналдырған тіршілігін, тіпті эко бұйымдар жасағанын көрсеніз, шынында да, ойланып қаласыз. Біз әңгіме етіп отырған кейіпкерлеріміз – қаладағы Әлі Мүсілімов №101 мектеп оқушылары. «Жасыл мектеп» жобасын жүзеге асыруды қолға алған білім ордасы атына зағы сай.

4 БЕТТЕ



## Ана бақытын сезіндірген «АҢСАҒАН СӘБИ»

өз кезегінде еліміздегі мыңдаған отбасының сәби сүю бақытына не болуына жасалған мүмкіндік. Ал барлық шығын мемлекет қаржысы есебінен төленеді.

Елімізде жасанды ұрықтандыру арқылы бала сүю әдісі көптен бері қолданылып келеді. Алайда оған кететін шығынды көп отбасының қалтасы көтермейтіні белгілі.

2 БЕТТЕ



2021 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынған болатын. Осылайша, экстра-корпоральды ұрықтандыруға бөлінетін квота саны да артты. Бұл

## КӨШЕСІ ЖӨНДЕЛГЕН, КӨПІРІ САЛЫНҒАН КӨРІКТІ ҚАЛАҒА АЙНАЛМАҚ



Биыл қалада тұрғын үй құрылысын жүргізу, жол-инфрақұрылымын дамыту, көпірлер салу, көркейтуді қолдау, газдандыру, ауызсу және аяқсумен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жобалар жүзеге асырылады. Осы аталған жұмыстың біразы қала-лық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне тиесілі.

Жалпы республикалық немесе облыстық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе, бұл жұмыстардың бәрі ретімен шешіліп, ел игілігіне пайдалануға берілмек. Сонымен, биыл қандай жұмыс қолға алынбақ?

Осыған орай оқырмандарымыз үшін «24 сағат» бетіне коммуналдық саланы қамтитын қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнібек Файзуллаевпен сұхбат жүргіздік.

3 БЕТТЕ

## ҚҰС ӨСІРСЕН, ТҮЙЕКҚҰС ӨСІР, ПАЙДАСЫ ОНЫҢ КӨЛ-КӨСІР



Бүгінде көптің әңгімесі – Бесарық ауылындағы түйекқұс шаруашылығы жайында. Аймаққа алғаш рет түйекқұсты әкеліп, жерсіндіріп жатқан шаруашылық жұмысына біз де қызықтық. Сондай-ақ Африкадан келген түйекқұсты көзбен көруге асыққанымыз өтірік емес. Сонымен, ауыл іргесіндегі шаруашылыққа бас сұғып, түйекқұсты өсірудің қыр-сырымен танысқанды жөн көрдік. Суреттен кішкентай болып көрінгенімен, көзбен көргенде әжептеуір алып құс. Бізді жатысынып, кәдімгідей мойнын созып, тістеп алатындай сыңай танытады. Ал біз қорқып жүрміз. Африканың түйекқұсын бұрын-соңды көріптіз бе?

2 БЕТТЕ

«Абай-Дәулет» ЖШС осынан бір ай бұрын Сырдария ауданы, Бесарық ауылына 12 африкалық түйекқұсты әкеліп, жерсіндіреді. Оларды өсіріп, бағу қиынға соқпайтынын білген соң тағы да алдыртқан. Қазіргі таңда шаруашылықта 26 түйекқұс бар.



– Қоғамды түзеу үшін қаламгерлер қауымы шындықты жазуы керек. Тәуелсіздіктің алғашы он жылында бізде еркіндік болды. Журналистер өте жемісті еңбек етті. Шындықты ашық жазып, жаңа заман тынысын, нарықтық экономиканы халыққа түсіндірді. Бүгінгідей саяси реформа жүзеге асып жатқан тұста да журналистердің қауіпсіздігіне кепілдік беретін заң нормасы керек, – деді ол.

Еркін форматтағы жиында отбасы құндылығы, руханиятты дамыту мен әдебиетті қолдау бойынша мәселелер қозғалып, ұсыныстар айтылды.

Кездесу соңында Президент кеңесшісіне Сыр журналистерінің облыстағы киелі жерлерге, ескерткіштерге сапарлар ұйымдастырып дайындаған «Сыр бойының сакралды ескерткіштері» кітабын сыйға тартты.

Айтқолын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

## ҚЫРЫҚТА ҚЫРҒА ШЫҚҚАН ҚЫРАН ЖҮРЕК

Шынында ол облысқа қырық екі жасында әкім болып келді. Жас болса да ысылған, жоғары жақтың үлкен мектебінде шыңдалған, қаржы саласының білгірі, ұтымды ұйымдастырушы қабілетімен аймақ қауымын бірден баурап алды.

Мен Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлы әкім болған 1995-1999 жылдары көмекшісі, тарих табыстырған, тағдыр тоғыстырған, үнемі жанында жүрген азамат ретінде көп ісіне куәмін. Күрмеуі көп кезеңде қоғам мен мемлекет мүдделерін қамтамасыз етудің барлық мүмкіндігін қосты.


Жасыратыны жоқ, өңір тұрғындары түрлі тауқымет, қиын-қыстауда қалған шақ болатын. Дотацияда отырған Торғай, Жезқазған, Семей облыстары таратылып, солардың қатарында Қызылорда облысы тұрды. Ел көрші облыстарға үдере көшіп жатты. Аралда ашынған әйелдер поезд тоқтатуға да бекініп, әлеуметтік мәселенің ушыққан тұсы-тұғын. Қаржы тапшылығы, жалақы, стипендия, жәрдемақының уақытылы төленбеуі, әлеуметтік жағдайдың мүшкіл халі жаңа әкімге оңай тимеді. Осындай қысылтаның мезгілде Бердібек Мәшбекұлы күн-түн демей тыным таппай еңбектенді, ізденді, тырысты. Маған аптаның әрбір күнінде 12-16 сағат жұмыс істеуге тура келді, тек жексенбі күні танертенгі сағат 10-ға дейін ғана мүмкіндік демалысын берді. Сондай ауыр сәттерді бастан кешірдік.

Кай істі де ғылыми негізбен айқындап, сол жүйені іс жүзінде жүзеге асырады. Сондықтан қасына Шаменовна Балжан Мөрәліқызы, Ким Ирина Леонидовна секілді белгілі экономист-ғалымдарды қызметке тартты.

Жанадан бағалы қағаз – вексель айналымға еніп, Қызылорда қаласы арнайы экономикалық аймақ статусына ие болды. Аралды құтқару жобасы қолға алынды. Әлеуметтік жағдайдың әлеуетін арттыруға барлық тетік қосылды.

Данышпандардың даналық сөзі бар ғой: «Билік дегенің – айбалтаның басы, ал халық оның сабы. Егер сабын мықтап ұстамасаң, оның жүзі абайсызда біреуді жаралап кетуі мүмкін» деген екен. Ол ел бірлігін бәрінен биік қойды.

Және халыққа құрметі мен қолдауы ерекше болатын. Әрине, халықтың қолдауы – ең құнды



қасиет, Бердібек Мәшбекұлы сол қасиетті барынша бағалады.

Аграрлық, шағын және орта бизнес секілі ең басты салаларды жан-жақты жаңғыртты, өңір дамудың жаңа дәуіріне қадам басты.

Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «...откенге өкпе жүрмейді, откенге тек тәубе жүреді» деген сөзі бар. Біз өмірді өткен тарихпен таразылап, бүгінге сабақ алуымыз керек. Мейлі іскерлік тұрғысынан болсын, мейлі азаматтық болмыс деңгейінен қарасақ та жақсының аты жұрт жадында сақталады. Мен үшін Бердібек Сапарбаев жаратылысы бөлек, туған жерге перзенттік парызын аямаған арда азамат биігімен жоғары.

Сенатор, Ақтөбе облысының әкімі болған Елеусін Сағындықов «Шыңның жүзі» атты ғұмырбаяндық эссесінде: «Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең танымал саясаткерлердің бірі Бердібек Мәшбекұлы ылғи алдыңғы шепте жүреді... Қоғамның «қызуы» көтерілсе – басалы, төтенше жағдай туа қалса – шешімін табамыз» деп жазды. Дәл осы баға менің де ойымның өлшемі. Жетпіс жасыңыз құтты болсын, ұзақ ғұмыр берсін!

Ғайнулла ЖАРҚЫНБАЕВ,  
Қызылорда қаласы.

## ОҚЫМАСАҚ, ТОБЫРҒА АЙНАЛАМЫЗ

Кездесуде БАҚ саласындағы бірқатар мәселелер айтылды. «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Онғарбаев журналистердің әлеуметтік жағдайы, мәртебесі бойынша ұсыныс білдірді.

– Жақында Астанада өңірлік мерзімді басылымдар форумы өткен болатын. Сонда серіктестік тәжірибесі Ақпарат және қоғамдық даму министрі, басқа да форум қатысушылары тарапынан жоғары бағаланып, Қызылорда журналистерінің жетістіктері үлгі етілді. Сол форумда өткір мәселелерді оң тарау етіп айттық. Аймақ журналистерінің барлығының мұн-мұқтажы сол оң ұсыныстың ішінде бар. Ең басты мәселе – қаражат, журналистер жалақысының аздығы. Мәселе жергілікті жерде, министрлік тарапынан да мемлекеттік тапсырысты түбегейлі қайта қарауға әкелетін секілді, – деді серіктестік директоры Аманжол Онғарбаев.

Сонымен қатар белгілі тележурналист Айтқұл Шалғынбаева журналист мәртебесі мәселесін сөз етті.

Басы 1-бетте



## ҚҰС ӨСІРСЕН, ТҮЙЕКҰС ӨСІР, ПАЙДАСЫ ОНЫҢ КӨЛ-КӨСІР



«Абай-Дәулет» ЖШС осыдан бір ай бұрын Сырдария ауданы, Бесарық ауылына 12 африкалық түйеқұсты әкеліп, жерсіндіреді. Оларды өсіріп, бағу қиынға соқпайтынын білген соң тағы да алдыртқан. Қазіргі таңда шаруашылықта 26 түйеқұс бар.

– Кәсіпті бастамас бұрын түйеқұспен айналысып отырған шаруалармен алдын-ала ақылдастық. Осылайша бұл шаруаны да бастап көруге шешім қабылдадық. Көпшілікке таңсық құс болғандықтан, алдын-ала зерттеулер жасалды. Бастапқы кезде Сарыағашта бір ай бойы қолға үйретілді. Өзбекстан арқылы әкелдік. Бір түйеқұстың бағасы – 400 мың теңге. Алдағы уақытта тағы 100 бас түйеқұс әкелінеді. Инкубатор алып, оларды екі есеге көбейту жоспарда бар. Басты мақсат – еті мен жұмыртқасын өндіріп, нарықты қамтамасыз ету және экспортқа шығару. Түйеқұс етінің бағасы шамамен 1 келісі 7 мың-12 мың теңге арасында екен. Ал жұмыртқасының бағасы 3-5 мың аралығында. 1 жұмыртқасының салмағы 2,5 келіден 4 келіге дейін болады. 1 аналығынан маусымына 50-60 дана жұмыртқа алуға болады екен. Түйеқұстар күз-көктем айларында жұмыртқалайды. Жоба жүзеге асса, қосымша жұмыс орны ашылады. Алдағы мақсатымыз – негізінен құс шаруашылығын дамытуды қолға алу. Оның ішінде бөдене, қырғауыл түрлерін өсіру жоспарда бар, – дейді шаруашылықты жүргізіп отырған «Бесарық» ЖШС директоры Мақсат Биболатов.

Түйеқұсты ауылға әкелмес бұрын алдын-ала зерттеулер жасалған. Мәселен, түйеқұс бұл аймақтың қатаң климатына тез бейімделеді екен. Өйткені ыстық пен суыққа төзімді. Азық та талғамайды. Төрт түлікке беретін жоңышқа мен құрама жемді жей береді. Бір түйеқұс күніне 3 кг шамасында жем жейтін көрінеді. Яғни, бұл құсқа әжептәуір күтім қажет. Сонымен қатар өздеріне қарайтын адамдарға тез үйренісіп кетеді екен. Демек, басқа адамдар келген кезде мінезін көрсетуі мүмкін. Түйеқұстарға әзірге екі баптаушы қарап жүр.

Алғаш рет көрген түйеқұстың ерекшеліктерін біз де байқадық. Алып құс туралы зерттеулерге сүйенсек, оның етінің құрамында май мен холестерин деңгейі аз болғандықтан денсаулыққа өте пайдалы, әсіресе жүрек ауруларына емі мол екен. Сондай-ақ түйемен ұқсастығы тек атында ғана емес, аяқтарының ұзындығы, денесінің ірілігі, түйеге ұқсас мойнымен «түйеқұс» деген атқа әбден лайық. Оның жұмыртқалары үлкен көрінеді және түрлі дәрумендерге бай екен.

Түйеқұсты жерсіндіріп, оның еті мен жұмыртқасын нарыққа шығарса пайдасы көл-көсір болатыны анық.

Айтқолын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Соңғы дерек бойынша елімізде 20 мыңға жуық әйелге, мыңнан астам ер азаматтарға беделулік диагнозы қойылған. Өкінішке орай, репродуктивті жастағы 18 бен 49 жасқа дейінгі адамдар арасында беделулік диагнозы мен несеп-жыныс жүйесі аурулары ерлерге қарағанда әйелдер арасында басым екен. Бұған ерте жастан қатынасқа түсу, инфекциялық ауруларды жұқтыру, сондай-ақ, дұрыс тамақтанбау, салауатты өмір салтын ұстанбау сынды факторлар әсер ететінін дәрігерлер жиі айтады.

Әйелдер арасында беделулікке апаратын бірден-бір жағдай жатыр түтікшесінің бітелуі екен. Сондықтан осы дертті емдеуге және алдын алуға денсаулық саласында басымдық беріліп келеді. Ол үшін жергілікті емхана тарапынан тіркеуге алу, тексеру, ем-дом шарасын жасау тегін жүргізіледі. Ал ерлердегі беделулікке мамандар бірнеше фактордың әсер ететінін айтады. Оның ішінде жоғарыда айтылған қатынас арқылы жұғатын инфекциялық аурулар, бала кезде туберкулез, бруцеллез, қызылша ауруының қабынуы, генетикалық жолмен берілуі және қазіргі күні көп кездесетін артық салмақ, тез дайындалатын тағамдарды, энергетикалық сусындарды жиі пайдалану, моншаға да жиі түсу ұрық сапасының төмендеуіне себеп болуға.

Денсаулығында осындай кінәраты бар ерлі-зайыптылар аталған бағдарлама аясында жасаңды ұрықтандыру арқылы сәби сүйе алады. Ол үшін жергілікті емханаға барып, денсаулық жағдайын

Басы 1-бетте

ТАҒЫМ

## АУҒАН СОҒЫСЫ АЯҚТАЛҒАН КҮН

1989 жылдың 15 ақпаны...

Дәл осы күн он жылға созылған Ауған соғысының аяқталған сәті. Бұл күнді ұмыту мүмкін емес. Әсіресе, соғысқа қатысқан жат елдік болашағы мен бейбіт өмірі үшін күрескен майдангерлер үшін оңайға соқпаса анық. Өйткені біразы сол сұраныс соғыстан қайтып келмеді, кейбірі хабарсыз кетті. Ал елге аман-есен келгендер бүгінгі бейбіт күннің ардақ тұтар ардагерлері болды.

Биыл Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толды. Соған орай осы аптада «Тағзым» аясында батырлық пен қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, қаһармандық танытқан, өздерінің Отан алдындағы парызына адал болған, Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алу шарасы өтті. Алаңға жиналған ардагерлер. Бірінің қолында гүл шоқтары. Бір-бірінің жағдайын сұрап, қаза болған майдандастарын еске алып тұр. Сол күні күннің өзі мейірілене жылылығын ерекше төгіп тұрды.

Тарих деректерге сүйенсек, 1979 жылы желтоқсан айында Кремльге мүшелерін бірнеше рет жинаған Саяси бюро соңғы шешімін шығарды. Сөйтіп, 1979 жылы 25 желтоқсанда Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 1989 жылдың 15 ақпанында 40-Армияның қолбасшысы

генерал-лейтенант Б.Громовтың «Кеңес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты» деп баяндаған. Оған КСРО елдерімен қатар Қазақстаннан 22 мың адам қатысып, олардың 900-ден астамы қаза тапқан, 21-і хабарсыз кеткен көрінеді. Оның ішінде Сыр елінен шыққан азаматтар да бар.

Шара бағдарламасы облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов сөз алды. – Бұл қасіретті әрі тарихи сәтке де биыл 34 толуда. Жастық шағында туған жерден тыс жерде майдан даласында өткізген азаматтардың ерліктерін ұрпаққа дәріптеу – біздің басты парызымыз. Сол сұрапыл соғысқа Сыр өңірінен 827 адам қатысып, оның 18-і Ауған жерінде ажал құшты. Ал біразы денсаулығына зақым тиіп, елге оралды.

Қазақ қашанда ерді жоғары бағалаған халық. Осы ретте Ауған соғысына

анықтап, тіркеуге тұруы қажет. Экстракорпоральды ұрықтандыруға қатысушылар «Аңсаған сәби» жобасы аясында жылына бір рет тегін жолдама ала алады.

Елімізде 2010 жылдан бері қолға алынған экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламасына 2021 жылға дейін жылына 1 мың квота бөлінетін. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 7 есеге ұлғайды. Солай жобаға

## Ана бақытын сезіндірген «АҢСАҒАН СӘБИ»

қатысушылардың да қатары артып, бала сүю бақытын сезінгендер саны артты.

Ал облыста аталған жоба басталғаннан бері 800-ге жуық жаңа квота беріліпті. Былтырдан бері балалы болуға үмітті 462 отбасы тізімге енгізілген.

– «Аңсаған сәби» бағдарламасының басты мақсаты – қосалқы репродуктивті технологиялардың көмегімен отбасылық-демографиялық мәселелерді шешуге жәрдемдесу. Жалпы бұл бағдарлама 2021 жылдан бастап елімізде жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығында көптен бері сәби күтіп жүрген отбасылар балалы болды. Біздің аймақта да аталған бағдарламаның көмегімен нәрестелі болып жатқан

жандар аз емес. Нақтырақ айтқанда, 2021 жылы облыста 281 квота бөлініп, ол бытыр қараша айына дейін толық игерілді. Нәтижесінде 119 бала экстракорпоральды ұрықтандыру арқылы дүниеге келіп, үш отбасында егіз сәби дүниеге келді. Ал өткен жылы 277 квота бөлініп, оның орындалу көрсеткіші 100 пайызды құрады. Мәселен, бытыр 161 жүктілік

есепке алынды. Олардың ішінде 42 әйел ана бақытына ие болса, биыл 45 әйел жүктілікке байланысты есепке алынды. Қазір олар дәрігерлер бақылауында, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мая Миранбайқызы.

Иә, бұл күнде бір балаға зәру қаншама жан бар. Отбасын құрған әрбір жаннның бала сүю бақытына бөленіп, сәбиін құшағына алғысы келетіні рас. Десек те, мұндай бақыт біреуге ерте, біреуге кеш бұйырғып жатады. Ал «Аңсаған сәби» бағдарламасы осындай отбасылардың үмітін жалғаған жобаға айналады.

А.СЕЙЛІ



қатысқандар батырлықтың биік үлгісін көрсете білді. Отан алдындағы парызын адал атқарды. Бұл мәңгі есте сақталады, құрмет қашанда көрсетіледі, – деп ардагерлерге алғыс білдіріп, дендеріне саулық тіледі.

Одан соң облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және «Ерлік» үйлестіру кеңесінің төрағасы Қайрадин Баймаханов сөз алып, азаматтық борышын өтеу жолында қапыда қаза болған жауынгерлердің жарқын бейнесі ұрпақ жадында жаңғырып, ерліктің үлгісі болып қала беретінін атап өтті.

Сонымен қатар батырлар рухына бас иіп, 1 минут үнсіздікпен еске алды. Гүл шоқтары қойылып, құран бағышталды. Иә, ерлік ешқашан ұмытылмайды. Әсіресе шараға келген жастарға бұл ерлік үлкен өнеге болмақ.

Міне, от пен оқ ортасында жүріп, қатарластарын да қара жер қойнына тапсырған жауынгерлер – бүгінде елге сыйлы ардагерлер. Олар 34 жыл бұрын аяқталған соғыстан елге, отбасына аман оралуын тағдырдың сыйы санайды. Расында да солай...

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ



**– Женибек Исламұлы, биылғы жылы қала тұрғындарын қандай жағымды жаңалықтар күтіп тұр?**

– Өздеріңізге белгілі, өткен жылы «Қызылорда автобус паркіне» «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы жаңадан лизингке 150 автобус алуға 1 млрд 430 млн теңге бөлінді. Соның аясында 100 автобус маршруттық бағытқа қосылды. Қалған 24-і жақында келіп, басқасын ақпан айында жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Әрине, бұл қажеттілік толық өтемейді. Өйткені тұрғындар тарапынан қоғамдық көліктерге сұраныс күннен-күнге артауда. Осыған байланысты аймақ басшысының тікелей қолдауымен биылғы 150 автобус алуға 1 млрд 434 млн теңге бөлініп отыр.

сквер-аллеялар, парктер («Қаламгерлер» аллеясы, қуғын-сүргіндерді еске алу ескерткіші, Б.Шөкенов атындағы саябақ, «Сыр ана» монументі, «Тағзым алаңы», «Аналар» аллеясы, «Келменбет батыр» ескерткіші, Сарқырама бойы және т.б.) аумағында орындықтар, коқыс жәшігі, 5 көзді лампалары қасақана сындыру фактілері жиілеп, толастамай отыр.

Мысалы, 2022 жылдың наурыз айында Қорқыт ата көшесі бойында орналасқан «Келменбет батыр» саябағы ішіндегі 5 көзді түнгі жарық шамдарын бірнеше рет сындырып және соның салдарынан 93 мың теңгеге шығын келтірілген. Қызылорда қаласының полиция басқармасына 29.03.2022 жылы бірнеше хат жолданып,



**қарайтындар жоқ емес. Осындай мәселе барысында қанша адамға қандай көлемде айыппұл төленуде?**

– Иә, қаланың тазалығы басты назарда. Осы кезде «Қызылорда тазалығы» МКК 5 бағыт бойынша өз жұмысын атқаруда. Атап айтқанда, негізгі атқаратын қызметтер тізбесіне санитарлық тазалық, тұрмыстық-қатты қалдықтарды шығару, көпқабатты тұрғын үйлерге қызмет көрсету, тұрғын үйлерді қайта жаңғырту және полигон қызметтері кіреді.

Аталған қызметтердің ішінде санитарлық тазалық жұмыстарына қаралған қаржы – кәсіпорынға түсетін негізгі кіріс көзі. Осы ретте 2021 жылы санитарлық жұмыстарына 666 млн теңге, 2022 жылы 699 млн теңге, 2023 жылы 836 млн теңге қаражат бөлініп отыр.

Қала көшелерінің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету шараларына қаралған қаржы қаланың 240 көшесін тазартуға бөлінген болса, іс жүзінде 350-ден астам көшеге жүргізілуде. Жаз айларында көше арам шөптерден тазартылып, бордюрлер, көше бойындағы талдар толығымен ақталып, қала көшелеріне екі мәзіл сүбісіліп, коқыс қалдықтарынан тазартылып отырады.

## КӨШЕСІ ЖӨНДЕЛГЕН, КӨПІРІ САЛЫНҒАН КӨРІКТІ ҚАЛАҒА АЙНАЛМАҚ

Сонымен қатар қаламыздың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқару жоспарлануда. Атап айтсақ, халықтың сұранысына сәйкес құрылысы 2022 жылы басталған Белкөл кентіндегі теміржол арқылы жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 109,0 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Көпірді ағымдағы жылдың наурыз айында пайдалануға беру жоспарлануда.

«Байтерек» ықшам ауданы тұрғындарының арыз-шағымдарына орай «Қызылжарма» каналы арқылы Достық көшесі тұсынан автомобиль көпірінің құрылысын жүргізу үшін «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында республикалық және жергілікті бюджеттерден 366,7 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда мердігер мекеме «Стандарт Ойл» ЖШС құрылыс жұмыстарын бастап кетті.



Сондай-ақ қала тұрғындарының сұранысына сай Яссауи көшесі мен Ғ.Мұратбаев көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысын салу үшін «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында республикалық және жергілікті бюджеттерден 320,5 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмысы жүргізілуде. Егер осы игі шаралар оң нәтижесін берсе, қала халқы үшін жағымды жаңалық болары сөзсіз деп ойлаймын.

**– Биыл қаланың жол инфрақұрылымын дамыту бағытында қанша көше жөндеуден өтеді, қанша жаяу жүргіншілер жолы салынады?**

– Бұдан бөлек, С.Бейбарыс көшесін Н.Назарбаев даңғылынан Жаппасбай батыр көшесіндегі көлік жол-айрығына дейін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда, яғни көше екі жолақтан төрт жолаққа дейін кеңейтілігін болады. Қазіргі күні бұл жұмыстар бойынша мердігер мекеме «УАД» ЖШС-мен келісім шарт жасалды. Құрылыс-монтаж жұмыстары наурыз айында басталады деп күтілуде.

Сонымен бірге қаладағы 88 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Оның ішінде 49 көшеге асфальт төсеу және 39 көшеге кийршық тас төсеу жұмыстары бар. Ол үшін облыстық және қалалық бюджеттерден 1 615,7 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Ал қаладағы 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу үшін облыстық бюджеттен 690,0 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда жаяу жүргіншілер жолдарының құрылысы басталды. Жыл соңына дейін толық аяқталатын болады.

**– Вандализммен күрес қалай болып жатыр? Тұрғындар арасында аялдама орындықтарын, жарық шамдарды сындырып бөту секілді мәселелер қаншалықты кездесуде? Әлде бұл мәселе азайды ма?**

– Орынды сұрақ. Қалада жасалып жатқан барлық абағандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстары халық игілігі үшін жасалуда. Дегенмен қала төңірегінде аялдама,

нәтижесінде ҚК-нің 202-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгісі болмауына байланысты ҚР қылмыстық процесі кодексінің 35-бабының 1-бөлігінің 2-тармағына сәйкес өндірістен тоқтатылғандығы жөнінде хабарланған.

Осыған қарамастан бөлім тарапынан екінші мәрте өткен жылдың 13 сәуір күні қосымша хат жолданып, нәтижесінде ҚР ҚК-нің 293-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық белгілері болуына байланысты қылмыстық іс қозғалатындығы жөнінде мәлімдеді.

Бүгінгі күнге дейін келтірілген шығындар көбейіп, өндіру жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілуімен қызмет көрсетуші мекемелер өз күшімен нысандарды қалпына келтіруге мәжбүр болып, мекемелерге қосымша шығын келуде. Қала аумағында жеке меншіктегі ассенизаторлық көліктердің жүргізушілері санитарлық нормаларды сақтамай, яғни белгіленбеген орындарға жеке тұрғын үйлерден шыққан сұйық тұрмыстық қалдықтарды «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің тентеріндегі орталықтандырылған көріз су жүйесі құдықтарына отырып, айналаны ластау оқиғалары көптеп орын алып, әлеуметтік желілерде тұрғындар тарапынан наразылықтар туындауда. Бұл құқық бұзушылық фактілері бойынша заң талаптарына сәйкес арнайы хаттамалар рәсімделіп, ассенизаторлық автокөліктерге айыппұлдар салынууда.

Қала аумағындағы жеке ассенизаторлық автокөліктердің белгіленбеген орындарға сұйық тұрмыстық қалдықтарды тоғу фактілерін алдын-алу және болдырмау бағытындағы жұмыстардың жүргізілуіне ықпал жасау жөнінде Қызылорда облысы полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасына бірнеше рет арнайы хаттар жолданды. Әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook) осы ассенизаторлық көліктердің белгіленбеген орындарға тоғу оқиғалары үнемі жариялануда.

**– Көктем жақындап қалды. Қаланың санитарлық тазалық жұмыстары жайлы айтып өтсеңіз. Мәселен, бүгінде Қызылорда қаласы таза қалаға айналды. Бірақ арасында тазалыққа нәміқрайлы**

Сонымен бірге көшелердің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету үшін және қала тұрғындарымен коқыстарды бей-берекет белгіленбеген орындарға тастауға жол бермеу антисанитариялық жағдайдың алдын алу, үйілген коқыс алаңдары пайда болуына жол бермеу мақсатында кәсіпорын тарапынан осы жұмыстарға арнайы мобильдік топ құрылып, рейдтік іс шаралар жоспары жасалынып, оған сай жұмыстар жүргізілуде.

Былтыр қараша-желтоқсан айларында жүргізілген рейдтік іс-шаралар нәтижесінде жеке сектор және көпқабатты үйлердің тұрғындарына 2396 ескертпе парақшасы таратылып, 850 үй иесіне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Рейдтік іс-шара барысында санитарлық талаптарды бұзған 38 азаматқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 505 бабы бойынша ескерту беріліп, 434-2 1-тармағы бойынша 86 азаматқа жергілікті полицияның учаскелік инспекторларымен айыппұл салынды. Шағын және орта кәсіптік нысанның иелеріне 18 ескерту жасалып, 58 кәсіптік нысанның иесіне түсіндірме шаралары жүргізілді.

Оған қоса қала орталығы және қаланың шет аймақ көше қиылыстарына коқыс тастамау жөнінде 91 ескерту тактайынасы орнатылды. Көпқабатты тұрғын үй арасында орналасқан коқыс алаңына құрылыс қалдықтарын тастамау жөнінде 40 ескерту тактайынасы ілінді. Көпқабатты тұрғын үйлерге тозығы жеткен 341 коқыс жәшігі жаңартылды.

Қазіргі уақытта қала және шет аймақтары бойынша тазалықты бақылау мақсатында жылжымалы 3 бейне бақылау құрылғысы жұмыс істейді. Бейне бақылау арқылы анықталған 27 заңсыз белгіленбеген орындарға коқыс тастау фактілері бойынша шара қолдану үшін жергілікті полиция басқармасына жолданды. Оның 14 фактісі бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, соның ішінде 6 факті бойынша ескерту шаралары берілсе, 8 оқиға бойынша 14 585 теңгеден әкімшілік айыппұл салынды.

**– Жол белгілері мен жарық бағаналарын, бағдарламаларды жуу, сүрту, оларды сырлау жұмыстары жақсы қолға алынған. Бұл қала бойынша күнделікті атқарылатын жұмыс па? Әлде арнайы белгіленген ережесі бар ма?**

– Қала көшелеріне жол белгілерін, бағдарламаларды орнату және күтіп-ұстау және жарық шамдарын күтіп-ұстау жұмыстарына жыл сайын қалалық бюджеттен қаржы бөлініп, мердігер мекемемен келісім шарт жасалып, жыл барысында тиісті жұмыстар атқарылады. Атап айтсақ, қазіргі таңда қаладағы 52 бағдарламды, жарық бағаналарын, жол белгілерін жуу, сырлау, түзету жұмыстары тұрақты қолға алынған.

**– Сіз басқарып отырған бөлімге көбіне тұрғындардан арыз көп түсе ме, алғыс көп түсе ме?**

– Коммуналдық сала қаламыздың тыныс-тіршілігіне тікелей байланысты болғандықтан қала тұрғындары тарапынан арыз-шағым, ұсыныстар көп түседі. Арыз-шағымдардың барлығын қанағаттандыру мүмкін емес. Дегенмен бюджеттен қаржы бөлінуіне орай, бірінші кезекте қажет ететін жобалар кезең-кезеңімен шешілу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы алығтарымыз білдіріп жататын тұрғындар да кездеседі.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Қалада жыл сайын бірнеше елді мекенге газ тартылып, көптеген отбасы «көгілдір отын» игілігін көреді. Ессесіне, біраз тұрғын көмір-отын түсіріп, пеш жағудың әуре-сарсаңынан құтылды. Бірақ әлі де болса, газға қосылмаған ауылдық округтер бар.



## АҚСУАТҚА ГАЗ БАРАТЫН КҮН АЛЫС ЕМЕС

Қала көлемінде газ желісі тартылмаған елді мекендердің бірі – Ақсуат ауылдық округі. Бұл ауылда 2022 жылы республикалық бюджеттен 4,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталған еді. Аталған жобаны аяқтауға биыл 1 млрд 700 млн теңге бөлінді. Осылайша, тағы бір елді мекен «көгілдір отынға» қосылады.

Сонымен қатар газға қосылмаған тағы бірнеше ауылдар бар. Оларға да нақты жобалар әзірленді. Биыл газдандыру жобасына Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай, Досан елді мекендері енді. Оған Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 662,7 млн теңге бөлінді. Игілікті іс ақпан-наурыз айларында басталады.

**Кез келген мемлекетте тұрғын үй негізгі мәселелердің бірі болып саналады. Себебі тұрғындардың әлеуметтік игілігі олардың тұрғын үймен қамтылуына тікелей байланысты. Жыл артқан сайын Қызылорда қаласында жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп, қоныстой қатары көбейді. Әрине, бұл – жағымды жаңалық.**



## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Міне, тұрғын үй құрылысы бойынша игі істер биыл да жалғасын таппақ. Бүгінде қала дамудың даңғыл жолына түсті. Мемлекеттік бағдарламалар тиімді жүзеге асып, тың бастамалар сәтті орындалуда. Жыл басында қала әкімі Асылбек Шәменов БАҚ өкілдеріне брифинг өткізген сәтінде тұрғын үй құрылысының қарқынды дамуын ерекше атап өтті.

Мемлекеттік бағдарламалардың игілігі – «Нұрлы жер» бағдарламасымен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші ауданына 10 көпқабатты тұрғын үйдің іргетасы қаланды. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралды. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Бұған қоса, жеке инвесторлар есебінен 9,9 млрд теңгеге 509 пәтерлі 18 үйдің құрылысы жүргізілуде.

Сонымен қатар осы жылы қалада тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға Ұлттық қордан, республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 48,0 млрд теңге бөлініп, ірі жобалар жүзеге аспақ.

Атап айтқанда, апатты үйлердің тұрғындары үшін 140 пәтерлі, Жаппасбай батыр көшесінде екі 40 пәтерлі және 60 пәтерлі бір үйдің құрылысына 1,0 млрд теңге бөлінсе, апатты үйлердің тұрғын үй сатып алуға 562,5 млн теңге, барлығы 1 млрд 562,5 млн теңге бөлінді.

Оған қоса биыл сол жағалаудан 84 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы басталады деп жоспарлануда. Сондай-ақ «СПМК-70» ауданындағы №3 тұрғын үйдің инженерлік инфрақұрылымын толығымен аяқтауға республикалық және облыстық бюджеттен 379 млн теңге бөлінген.

Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерді де жаңғырту жұмыстары жалғасын табады. Тиісті сала мамандарының айтуынша, 12 көпқабатты тұрғын үйді қайта жаңғыртуға қаржы қаралып, жұмыс қолға алынбақ.



Бетті дайындаған Ақтолық НҰРЛЫБАЙ  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



## ЖАСЫЛ ӘЛЕМДЕ ЖАҚСЫЛЫҚ КӨП

«Жасыл мектеп» жобасы бойынша мектепте атқарылған жұмыс көп. Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Мөлдiр Смаханованың айтуынша жоба жетi бағытта жұмыс iстейдi. Атап айтқанда, 1 бағыт – биоаулантүрлiлiк;

- 2 бағыт – суды үнемдеу;
- 3 бағыт – энергия үнемдеу;
- 4 бағыт – қалдықтарға сараптама жасау;
- 5 бағыт – экологиялық-ақпараттық жұмыс;
- 6 бағыт – салауатты өмiр салтын насихаттау;
- 7 бағыт – дұрыс тамақтану.

«Жасыл мектепте» «гидропоника» деген ұғым бар. Бұл әдiс бойынша топырақсыз, қоректiк заттардың судағы ерiтiндiсiнде өсiредi.

– Гидропоника қымбат әдiс емес. Бұл өсiмдiктердiң тамыр жүйесi субстратқа батқанда тым көп өспейтiнiне байланысты. Қазiргi әдiстi қолданған кезде жемiс өсiмдiктерiнiң өнiмдiлiгi едәуiр артады. Сәндiк өсiмдiктердiң қарқынды гүлденуi олардың өсуiне гидропониканың оң әсерiн дәлелдейдi. Бұл әдiс өсiмдiктi барлық қажеттi қоректiк заттармен қамтамасыз етуге көмектеседi, – дейдi Мөлдiр Смаханова.

Бұл әдiс арқылы өсiрген өнiмiн оқушылар мектеп асханасына тағамға қосуға ұсынуда. Яғни еңбектiң нәтижесi. Сондай-ақ жасыл мектеп оқушылары бiлiм ұясында жылжымай iсiн дамытуды қолға алған. Көлeмi 40 шаршы метр жылжымай оқушылар табиғатқа жақиндай түстi.

– Оқушыларға жаратылыстану пәнiн теориямен қатар практикалық жұмыстарды жүзеге асыру, оларды еңбекке баулу, келешекте жылжымай iсiнiң маманын дайындап, қысы-жазы балғын көкөнiстермен қамтамасыз ету мақсатында жылжымай жұмысы үшiншi жыл қатарынан жұмыс жасауда. Жылжымай көкөнiстер минералды мақта мен ағаш үгiсiнде өсiрiледi. Көкөнiстер тамшылап суару тәсiлi арқылы суарылады. Сол жерден тамыр өзiне қажеттi қоректi алып отырады. Жылжымай қажеттi шамдар мен желдеткiшпен қамтылған. Қыста жылжымай жылыту батареясымен жылытылады. Жылжымай оқушылар мектептiң ғылыми жетекшiсi Құрманбаев Рахат Ханитұлы және пән мұғалiмдерiмен қияр, қызанақ, құлпынай, болгар бұрышы, баялды өсiруде. Эксперимент ретiнде көкөнiстердiң әртүрлi сорттарын алып, тұқымнан өсiрiп келедi, – дедi мектеп директорының ғылыми-әдiстемелiк iсi жөнiндегi орынбасары.

Бiр айта кетерiлгi, оқушылар жылжымай құлпынайды топырақсыз, ағаш үгiндiлерiне еккен. Бұл әдiспен өсiру экологиялық, экономикалық жағынан да тиiмдi екен.

«Жасыл мектеп» жобасы бiлiм ордасында игi iстердi атқаруға ықпал еттi десек артық болмас. «Жасыл сақшы» экволонтерлар тобы мектеп айналасын жасыл желекке айналдыру iсiне кiрiсiп кеткен. Мектеп iншiнде тiрi табиғат бұрышы ашыла, мектеп ауласында арнайы аллея жасалып, мұғалiмдер мен оқушылардың демалуына, спортпен шұғылдануына жағдай жасауды да өздерi ұйымдастырған.

Жасыл елге айналу мақсат еткен оқушылардың бұл мақсаттағы жүзеге асырған жобасы типтi керемет. Мектепте баламалы энергия көздерiн пайдалану жүзеге аса бастады. Анығын айтқанда, жел энергиясын электр энергиясына айналдыратын FT-400 маркалы механикалық қондырғы орнатылған, электрлiк қуаты 400 ваттық, қалақшаларының айналдыру жылдамдығы 12-17 м/с, диаметрi 48 мм, 1200-1300 мм құрайды. Мектептiң кiре берiсiне «Өз телефонның қуаттандыр» деп аталатын бекетi қойылған. Бұл жас жеткiншектердiң экологияны сақтау адамның өз қолында екенiне көз жеткiзуге әсер ететiнi сөзiсi.

Мектепте сенсорлы қран орнатылған. Нәтижесiнде ұстаздардан бастап оқушылар да суды үнемдеудi үйренiп келедi.

Жобаның келесi бағыты – қалдықтарды өңдеу, қайта өңдеу. Қалдықтарды сұрыптау мақсатында мектептiң әр бұрышында эко-жәшiктер қойылып, мұғалiмдер де, оқушылар да қалдықтарды бөлiп тастауға дағдыланған. Бiр қызығы, қалдықтарды өңдеу мектепте жүзеге асуда. Қалдықтың басым бөлiгi қағаз болғандықтан оқушылар зерттей келе, тиiмдiсi биоотын жасау екенiн түсiнiп, жасай бастады. Оқушылар жасаған биоотын газ жетпеген ауылдарға жеткiзiлуде. Тағы бiр атап айтарлығы, пластикалық қақпақшаларды қайта кәдесге жарату. Оқушылар қақпақшаларды бөлек жинап, массажды жолдар жасауды қолға алған. Сонымен қатар жеткiншектер эко өнiм жасауда.

Басы 1-бетте



Мәселен, аскабақтан жасалған эко сабын мен косметикалық масқалар да осы мектепте жасалады.

Сондай-ақ жемістердің табиғи құрамын сақтау үшін жемістерді кептіру жұмысын да жүзеге асыруда. Яғни «Есо sneki» брендімен оқушылар арасында танымал экологиялық таза жемістер арнайы дегидраторда кептіріледі. Кептіру температурасы 50 градус пен 70 градус арасында жүргізіледі. Дегидраторда жемістер 10-12 сағат аралығында кептіріледі. Осындай әдіспен кептірілген жемістер бойындағы дәрумендерін толық сақтап қалады.

«Жасыл мектеп» жобасын жүзеге асыруда мектеп директорынан бастап ізденіс үстінде екені байқалады. Сөзімізге дәлел ретінде айта кетелік, мектеп басшысы Айгүл Уткелбаева бытыр мамыр айында Беларусь елінде ғылыми тағлымдамадан өткен. Бұл елде халықаралық деңгейде жасыл мектептер желісін құрған. Үздік тәжірибені көріп, жасыл мектептермен байланыс орнатып, Беларусь елімен меморандумға қол қойған. Нәтижесінде халықаралық марафон ұйымдастырылып, тәжірибе алмасуды жолға қойған. Сонымен қатар Еуразия ұлттық университетімен де тығыз байланыс орнатқан.

Айтпақшы, мектепте «Eco-friendly» клубы құрылған. Клуб мүшесі болғысы келетіндерге қойылатын талап бар. Яғни клуб мүшесі экологияны сақтауға үлес қосуда үлгі болатындай жан болу қажет. Күнделікті өмір салтын сүзгіден бір өткізіп, тұтынатын бұйымдарын бір қарап, тиісті суды үнемдеуге мән беруі тиіс. Оған үнемі эко сөмке ұстау да міндеттелген. Міне, жеткіншектердің осындай ұстанымы бар. Үлгі аларлықтай іс.



Күн сайын мыңдаған жер сілкінісі болып жатады. Олардың көбі әлсіз болғандықтан, сезіле бермейді. Бірақ қатты жер сілкінісі зор апатқа соқтыруы мүмкін – 2022 жылдың қыркүйегінде Тайваньда 6,8 балдық жер сілкінісінен кейін құлаған көпірден ел үлкен зиян шекті.



## ЖЕР СІЛКІНІСІ ҚАЛАЙ ТУАДЫ?

Кейде жойқын болатын, ағылшынша темблор деп те аталатын шағын жер сілкіністері бүкіл әлемде күн сайын мыңдап болып жататынын естелету қиын. Олардың көпшілігі өте әлсіз болғандықтан, жұрт сезбей де қалады. Бірақ 2023 жылдың 6 ақпанында Түркияның оңтүстігінде және Сирияда болған 7,8 балдық жер сілкінісі осы онжылдықтағы ең көп өлім әкелген зілзаның бірі болуы мүмкін, – дейді ғалымдар. Ұшар биіктен түсірілген суретте 2023 жылдың 6 ақпанында Сирияның солтүстік-батысындағы Идлиб провинциясындағы Бесния ауылында 7,8 балдық жер сілкінісінен кейін құлаған ғимараттардың қирандылары арасында құрбандар мен аман қалғандарды іздеп жатқандар көрініп тұр.

### ЗІЛЗАЛА ҚАЙ ЖЕРЛЕРДЕ ЖИИ БОЛАДЫ?

Планетадағы жер сілкіністерінің шамамен 80 пайызы жанартау белсенділігінің басым болуына байланысты Тынық мұхиттың «от сақинасы» деп аталатын жағалауында туады. Жер сілкіністерінің көбі тектоникалық плиталар, яғни жердің жоғарғы қабатын құрайтын алып тас плиталар бір-біріне соқтығысатын немесе сырғытын аймақтарында болады.

Бұл соққылар әдетте жер бетінде біртіндеп және байқалмай жүреді, дегенмен тақталар арасында үлкен кернеу жиналуы мүмкін. Бұл кернеу тез босатылған кезде, ол сейсмикалық толқындар деп аталатын, көбіне тау жынысы және жер беті арқылы жүздеген шақырымдарға созылған күшті тербелістер тудырады. Басқа жер сілкіністері тақталар созылған немесе қысылған кезде дүмпу ошақтарынан алыс жерде болуы мүмкін.

Ғалымдар жер сілкіністерін олардың сейсмикалық толқындарының күші мен ұзақтығына негізделген магнитудалық бағалау арқылы өлшейді. 3-тен 4,9-ға дейінгі жер сілкінісі елеулі немесе әлсіз болып саналады; 5-тен 6,9-ға дейін – орташа және ауыр; 7-ден 7,9-ға дейін – күшті; 8 немесе одан да көп болса – үлкен.

Жер сілкіністерінен кейін әрдайым кейінгі дүмпулер жүреді, олар негізгі жер сілкінісінен кейін пайда болатын және бірнеше аптаға, тіпті кейбір жағдайларда бірнеше жылға созылуы мүмкін кішігірім жер сілкіністері. АҚШ Геологиялық қызметінің мәліметі бойынша, кейбір жер сілкіністері үлкен жер сілкінісінің алдында болатын бастапқы дүмпулермен бірге жүреді.

Индонезияның Орталық Сулавеси провинциясында 2018 жылдың 28 қыркүйегінде 7,5 балдық жер сілкінісі мен цунамиден кейін құлаған кемеңің алдында тұрған бала. Табиғи апат салдарынан 2000-нан астам адам қаза тауып, кем дегенде 210 000 адам үйлерін тастап кетуге мәжбүр болды.

### ЖЕР СІЛКІНІСІНІҢ ЗАЛАЛЫ

Орта есеппен жыл сайын әйтеуір бір жерде 8 балдық жер сілкінісі болып тұрады және жыл сайын соның кесірінен шамамен 10 000 адам қаза табады. Қираған ғимараттар көптеген адамның өмірін қияды, алайда қирау көбінесе көшкін, өрт, су тасқыны немесе цунами сияқты табиғи апаттармен өрші түседі. Әдетте үлкен жер сілкінісінен кейінгі алғашқы күндерде пайда болатын кішігірім дүмпулер құтқару жұмыстарын қиындатып, одан әрі өлім мен апатқа әкелуі мүмкін. Адам шығынын төтенше жағдайларды жоспарлау, білім беру және жер сілкінісінің әсерінен қирайтын емес, керісінше тербелетін ғимараттар салу арқылы болдырмауға болады.

### ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН

#### Жануарларды қорғау үшін...


Жануарларды қорғағыңыз келе ме? Бұл мақсатта сіздің қолыңыздан не келеді. Қалай үлес қосамыз? Осы сұрақтар сізді мазаласа, мынаны біле жүріңіз...

- Тері индустриясын қолдамаңыз – теріден тігілген тон немесе басқа да таза теріден тігілген сырт киім кіменіз. Жыл сайын тері өңдеу үшін 630 мың жануарды өлтіреді екен.
- Жануарларға сыналған косметиканы сатып алмауға тырысыңыз.
- Жабайы жануарлармен селфи жасаманыз және суретін сатып алмаңыз. Кәсіпкер оларды ақша табу үшін пайдалануына жол бермеңіз.
- Қоршаған ортаны аялай біліңіз. Қоқыс тастамаңыз. Жануарлардың қоқыс жеп қойып өлетіні аз емес.
- Аң аулаудың зиянын жиі насихаттаныз.
- Цирк, зоопарк, дельфинарийге бармаңыз. Себебі жануарларды қамап қойып, қорлағаны үшін қорермен ақша төлейді.
- Ет жеуді азайтыңыз. Әлемде күн сайын 150 млн жануар адамдарға азық үшін құрбан болады.
- Климаттың өзгеруіне қарсы күресіңіз.

Бұл планетаның барлық тұрғындарының тағдырына жанама әсер етеді.

Бетті дайындаған  
Гүлмира  
ДІЛДӘБЕКОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерімен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 2922 Тапсырыс №277

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА